



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 25 маусым мен 3 шілде аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2021 жыл, 7 шілде

3 шілдедегі сауда-саттық қорытындысы бойынша, теңгенің нарықтық бағамы АҚШ доллары үшін 424,99 теңге болып қалыптасты, осылайша бір аптада 0,5% (426,94-тен) нығайды.



2021 жылғы 25 маусым мен 3 шілде аралығында сыртқы валюталық нарықта дамушы елдердегі валюталардың қарқыны жан-жақты болды. Азия елдерінде карантиннің күшеюіне байланысты әлем экономикасына Covid-19 вирусының жаңа штаммы әсер етеді деген қауіп те арта түсті. Халықаралық валюта қоры АҚШ-тың экономикалық көрсеткіштерін бағалай отырып, АҚШ-тың федералды резервтік жүйесі 2022 жылдың соңына қарай ставка ұлғая бастайды деген болжам жасады. Маусым айындағы АҚШ-тың еңбек нарығы туралы мәліметтері инвесторлар арасында аралас реакция тудырды, жұмыс орындарының саны болжамнан асты (+850 мың), алайда, жұмыссыздық деңгейі 5,9% дейін өсті.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының қарқыны¹ АҚШ долларына қатысты төмендегідей қалыптасты:



- **Түрік лирасы** ОБ шетелдік валютадағы депозиттер бойынша нормативтік резервті талаптарды 200 б.к дейін қатаңдатуына байланысты (19%-дан 21%) 0,9% нығайды (8,77-ден 8,69-ға дейін);
- **мексикалық песо** 0,3% нығайды (19,82-ден 19,77-ге дейін). ОБ өкілі хабарлағандай, 2021 жылдың соңына дейін инфляция 5%-ға дейін баяуламаса, реттеуші ставканы одан сайын көбейту мүмкіндігін қарастырады;
- **үндістандық рупия** елде Covid-19 вирусының таралуына байланысты сауда орталықтарының жұмысына уақытша шектеу қойылады деген ақпаратқа байланысты 0,7% әлсіреді (14 425-тен 14 553-ке дейін);
- **Оңтүстікафрикалық ранд** ДН-дың бірқатар елінде (Бразилия, Мексика мен Ресей) бірқатар өсім болғанына қарамастан, реттеуші негізгі ставканы өзгеріссіз қалдырады деген инвесторлардың болжамына орай қор мен қарыз нарығынан капиталдың кетуіне байланысты 0,7% әлсіреді (14,15-тен 14,25-ке дейін);
- **Үнді рупиясы** қымбат мұнай мен геосаяси тәуекелдердің артуына байланысты 0,8% әлсіреді (74,19-ден 74,75-ке дейін). Үнді елі ҚХР-мен шекарада патруль жасау үшін қосымша әскери күш жіберді;

¹АҚШ долларына қатысты сатылатын көлеміне байланысты дамушы елдердің валютасы

- **Ресей рублі** салық төлемдері төленіп біткен соң және ЕО тарапынан болып жатқан санкциялық тәуекелдерге байланысты 1,5% әлсіреді (72,06-дан 73,14-ке дейін);
- **бразилиялық реал** ел президентіне вакцина сатып алған кездегі жемқорлыққа байланысты тергеуде немқұрайлылық танытты деген айып тағылған соң, 2,6% әлсіреді (4,93-тен 5,06-ға дейін);



**Дамушы елдердегі валютаның қарқыны
(2021 жылдың 18 маусымы=100, индекс өсімі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz